

Қазақстандағы қорғаныс, шекара мәселесі





Қазақстанның тәуелсіздігі мен демократиясының нығайту саясатын жүзеге асырудағы маңызды қадам ретінде ел Президентінің 1991 жылғы 16 желтоқсандағы жарлығымен қазақ халқының тәуелсіздігін жариялауына қолдау бергеніне айта отырып, Қазақстанның БҰҰ-ға қабылданды. Соның ішінде, атап айтқанда Қазақстанның БҰҰ-ғы өзіндік орны қалыптасты. Ел Президенті аталған халықаралық ұйым мінбесінен бірнеше рет сөз сөйлеп, әлемдегі, жекелеген аймақтардағы бейбітшілікті қамтамасыз етуге арналған бағалы бастамалар көтерді”. Солардың ішінде мемлекетіміздің басшысы тарапынан ядролық қаруды әлемдік тұрғыда сынауды тоқтату, оны толығымен жою бағытындағы бастамашылық қызметі Отанымыздың шеңберінен асып, дүниежүзілік маңызға ие болып отырғандығы белгілі. Яғни, “Н.Ә.Назарбаевтың халықаралық қатынастағы жемісті қызметі өзінің бабалары, қазақ қоғамының тарихи өткенінің әр кезеңдегі жетекшілері Керей мен Жәнібек, Тәуекел, Тәуке хандардың, әсіресе қазақ халқының басына сын түскен еліміздің еркіндігі мен тәуелсіздігіне қауіп төнген кездегі Абылай ханның жүргізген саясатының қазіргі күнгі жалғасындай болып отыр”

Қазақстан шекарасындағы мәселелер

- ▶ Resmi түрде белгіленген және бекітілген сызығын мемлекеттердің бір жақты бұзуы немесе қайта қарауы халықараралық құқыққа қайшы келеді.
- ▶ Мемлекеттік шекараны бойлай шекаралық белгілер орнатылады.
- ▶ Мемлекеттік шекараның күзетін шекаралық әскер (шекарадағы күзеттер, шекаралық қара-уылдар) жүзеге асырады.
- ▶ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасынан керекті құжаттарсыз және тиісті рұқсатсыз өту немесе шекаралық белгілерді заңсыз алу, жылжыту не жою қылмыстық жауапкершілікке тартылады.



ҚР Мемлекттік шекарасын белгілеу

ҚР-ң мемлекттік шекарасы жергілікті аймақтарда нақты көрінетін шекаралық белгілермен белгіленеді. Шекаралық белгілердің түрлері, өлшемдері, олардың сиптамасы мен құру тәртібі ҚР Министрлер кабинеті мен халықаралық шарттар арқылы анықталады

ҚР-ң мемлекеттік шекараға байланысты қабылдаған халықаралық шарттар:

- ▶ "Достастыққа мүше мемлекеттердің, олардың сыртқы шекарасында тұрақтылық жағдайды қамтамасыз етуіне байланысты ынтымақтастық туралы келісім". Бішкек, 1992 ж. 9 қазан
- ▶ "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше- мемлекеттердің егемендік, территорияның мызғымастығы мен қол сұқпаушылығын сақтау жөніндегі Декларация", Мәскеу, 1994 ж. 15 сәір.
- ▶ "Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекаралары жөніндегі ҚР мен ҚХР арасындағы келісім". Алматы, 1994 ж. 21 қазан.
- ▶ "ҚР мен РФ арасындағы сыртқы шекараны қорғаудағы ынтымақтастық туралы шарт", Мәскеу, 1994 ж. 21 қазан.
- ▶ "ҚР мен РФ арасындағы сыртқы шекараны бірлесіп қорғау жөніндегі шарт". 1995 ж. 30 шілде
- ▶ "ҚР мен өзбекстан республикасы арасындағы " қазақстан- өзбекстан " шекарасын қорғау жөніндегі шарт". 2001 жыл.

Қазақстанның шекара тарихы

- ▶ Нақтылап айтқанда, Қазақ хандығы қалыптасқан XV ғасырдың екінші жартысынан бастап-ақ мемлекеттің шекарасын айқындау аса маңызға ие болып осы бағыттағы көршілерімен әр бағыттағы қатынастары орнады. Қазақ хандарының шешуші қадамдарының нәтижесінде халқымыздың көне заманнан негізделген территориясы қалпына келтіріле бастады. Алайда сол мерзімдердегі сыртқы қатынаста қазақ мемлекетінің территориясын айқындау көршілерімен арадағы бейбіт жолмен іске асырылмады. Бұл мәселе үнемі орын алып келген әскери қақтығыстар, кең ауқымды соғыстармен шешіліп отырды. Әсіресе Қазақ елінің тікелей көршілері болып қалыптасқан Орта Азия хандықтарымен арадағы қатынас осындай бағыт алды.

- ▶ ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлар мемлекетіміздің сыртқы саясатындағы аса шешуші кезең болып қалыптасты. Әсіресе ХҮІІІ ғасырдың бірінші ширегінде Орталық Азияда қуатты әскери күш жинай білген Жоңғар билеушілері осы мерзімде бірлігі бұзылып, жікке бөліне бастаған Қазақ хандығына қарсы ашық шабуыл жасап, барша қазақ жерін өзіне қосып алуға ашық кірісе бастады.
- ▶ Тура осы уақытта Орталық Азияға ықпалдарын жүргізуді жоспарлап келген Ресей және Қытай империялары жерімізге, оның байлығына ие болуға нақты қадамдар жасай бастады. Яғни қазақ даласы үш жақты бәсекелестікке түсті. Халқымызға басқаға бодандыққа, құлдыққа түсу, тіпті қырғынға ұшырау қаупі төнді.
- ▶ Бұлармен бірге Жоңғар хандығын талқандағаннан кейін Цинь империясы кезінде жоңғарлар басып алған қазақ жерлерін өзіне қаратуға шұғыл кірісіп, жеріміздің оңтүстік-шығыс және Алтай аймағы Ресей мен Қытайдың тікелей бақталастығына түсті. Міне осылай, қазақ жеріне бөлшектену, жойылу қаупі ашығынан төнді. Еліміздің басына түскен осындай сын-сағаты мерзімде жұртымыздың бостандығын, жерінің тұтастығын сақтаудағы Абылайдың қызметі барынша көрінді. Ш.Уәлихановтың атап көрсеткеніндей: “Сол уақыттың күңгірт жағдайы Абылайға батылдығын, тапқырлығы мен ақылдығын жарқырата көрсетуге мүмкіндік берді.”

► 1920 жылдың 26 тамыз күні Қазақ автономиясын құру және оның жер көлемін белгілеу жөнінде декрет дүниеге келді. Бұл айтуға жеңіл болғанымен, қазақ жұртының қылышынан қан тамған қызыл империяны мойындатып, өз алдына ірге көтеруі оңай болған жоқ. Жан берді, жан алысты. Кремльде өткен ұзақ тартыстан соң, қызыл пролетариаттың көсемі – Ленин арнайы қаулыға қол қойды. Бұл жеке азат ел болуды аңсаған Алаш арыстарының жанқиярлық еңбегінің арқасы еді. Сол тартысы мол алқалы мәжілісте болашақта құралатын Қазақ мемлекетінің шекарасы межеленді. Негізгі тартыс «қазақ автономиясына қай жерлер кіреді?» деген мәселеге келгенде, қатты ушыққаны белгілі. Бірақ Алаш арыстары алға қойған мақсатына жетті. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Әлімхан Ермеков Қазақ мемлекеті алдындағы тарихи миссиясын осылайша орындап шықты. Сол кезде бар-жоғы 29 жастағы Әлімхан Ермеков Әлихан мен Ахметтің дем беруінің арқасында азулы топтың алдында Қазақ жерінің шекарасы жайында баяндама жасады. Ол баяндамада Астархань, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Закаспий, Самарқан, Фергана облысы мен губернияларын қамтитын, жалпы көлемі 3 467 922 шаршы шақырым жерді Қазақ республикасының құрамына беруді сұрады. Көрсетілген жердің 81 пайызын жан саны 5,5 миллион болатын қазақтар пайдаланатын. Бұл сол аймақтардағы тұрғындардың 54 пайызы еді. Сол мәжілісте отырғандар Ермековтің айтқандарына толықтай болмаса да қосылатынын білдірді



Әлімхан Ермеков




Ахмет Байтұрсынов



Әлихан
Бөкейханов

. Бірақ мұны жеңіс деуге ертерек болатын. Өйткені ендігі кезек автономияның аумағы мен тұрғындары туралы ұсыныстарды Лениннің алдында қорғап шығу керек еді. 12 тамыз күні Лениннің төрағалық етуімен өткен мәжілісте Әлімхан Ермеков барын салды. Өйткені ол иісі қазақтың тағдыр-талайы шешілетін кез дәл осы тұс екенін жан дүниесімен сезінді және жағдайды аса жетік білетіндігі һәм шешендігі арқасында өз айтқандарымен Ленинді иландыра алды. Тіпті көзбе-көз сөйлесуден кейін, қазақтың уысынан шығып бара жатқан Атырау өңірін де алаш жұртына мәңгіге қайтарып берді. Рас, Сібір ревкомы 1922 жылға дейін солтүстік облыстарды Қазақстанға қоспауға тырысып бақты. Бірақ ақыры көнген еді. Осылайша Алаш арыстары тұғыш рет алаш жұртының шекарасын ресми түрде бектіп алды.



Алаш арыстарының қорғап қалған территориясы

- ▶ КСРО тарағаннан кейінгі алғашқы уақыттан - ақ Қазақстанның Ресейлік бодандық пен Кеңес Одағы құрамында бірге болып, осы уақыттарда территориялары империялық мүддеге сай қазақ жері есебінен өзгертіліп келген Өзбекстан және Қырғызстанмен арадағы шекараны анықтайтын мәселелер де бірден туындады. Міне осылай, тура осы мерзімдегі Елбасының жоғарыдағы аталған елдермен жүргізген сыртқы саясатының басты бағыты да аталған күрделі мәселелерді бейбіт жолмен түбегейлі және де әділетті тұрғыда шешуге арналды. Нәтижесінде қысқа мерзімде Қазақстан Республикасының көрші мемлекеттермен, соның ішінде Қытай, Ресеймен арадағы шекаралары толығымен танылды.
- ▶ Яғни, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев тарапынан халқымыздың ғасырлар бойы жерінің тұтастығын қамтамасыз ету жолындағы барша ұмтылысы мен арманы қысқа мерзімде және де бейбіт, дипломатиялық келісім жолымен іске асырылды. Осының арқасында қазіргі күні мемлекетіміздің территориясы барлық көрші елдер тарапынан толығымен танылып, халықаралық құқық негізінде заңдастырылды. Осы тұрғыда Н.Ә.Назарбаев: “Тұңғыш рет тарихта біздің мемлекет халықаралық дәрежеде танылған нақты шекарасын белгіледі. 14 мың шақырым мемлекеттік шекара межеленді,” - деп көрсетті. Міне осылай ата-бабаларымыздан бізге мұра болып қалған кең –байтақ жеріміз толығымен қалпына келтірілді. Сондықтан да 2014-2015 жылдардағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының толығымен айқындалуының 20 жылдығы қарсаңында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Отанымыздың болашақтағы барша дамып, гүлденуі, тұтастығы мен бірлігінің негізгі кепілі- кең байтақ жеріміздің тұтастығын қамтамасыз етудегі қызметін ұрпағымызға насихаттап, оның тарихи маңызын айқындау басты міндет деп есептейміз.



2014 ЖЫЛЫ 18 ТАМЫЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІНІҢ ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ КҮНІ



HAMELEONS.COM

опубликовано
на сайте
HAMELEONS.COM

HAMELEONS.COM

Сондықтан да
2014-2015
жылдардағы
Қазақстан
Республикасының
мемлекеттік
шекарасының
толығымен
айқындалуының
20 жылдығы
қарсаңында
Елбасы Н.Ә.
Назарбаевтың О
танымыздың
болашақтағы
барша дамып,

гүлденуі, тұтастығы мен бірлігінің негізгі кепілі- кең байтақ жеріміздің
тұтастығын қамтамасыз етудегі қызметін ұрпағымызға насихаттап, оның
тарихи маңызын айқындау басты міндет деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- ▶ Қарасаев Ғ.М. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты XX ғасырдың соңы-XXI ғасырдың басында (тарихи-саяси бағыт)
- ▶ Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы
- ▶ Қазақстан - 2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.
- ▶ Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.

ОРЫНДАҒАН:

- ▶ **Мұхамедрахымов Дастан**
- ▶ **Г - 123**